


## БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТЫ

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы

### БЕКІТЕМІН


Басқарма Төрағасы

 С.В. Бежецкий


« 22 » \_\_\_\_\_ 12 \_\_\_\_\_ 2020 ж.

**«ҮМЗ» АҚ-ДА ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ «STOP-КАРТА» ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРЫН  
ТОҚТАТУ ПРОЦЕДУРАСЫН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ  
14.034-20 ӨҚЖЕҚБ БҚ  
(алғаш рет енгізілді)**

Өндіріс қауіпсіздігі жөніндегі директор

 Е.А. Чумин  
« 21 » \_\_\_\_\_ 12 \_\_\_\_\_ 2020 ж.

ӨҚЖЕҚБ бастығы

 В.А. Цораев  
« 21 » \_\_\_\_\_ 12 \_\_\_\_\_ 2020 ж.

## 1 Қолдану аймағы

Осы Нұсқаулық (бұдан әрі мәтін бойынша БҚ) «ҮМЗ» АҚ-да жұмыскерлердің «STOP-Карта» қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату бойынша процедурасын (бұдан әрі – Процедура) қолдану тәртібін белгілейді және жұмыскерлердің қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату тәртібін айқындайды.

Осы Процедура ҚР ҚЖЕҚ, ӨҚ, РҚ, ҚОҚ саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында әзірленді және жазатайым оқиғалардың, төтенше жағдайлардың алдын алуға, өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін дамытуға, әрбір жұмыскердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасағаны және қолдағаны үшін хабардарлығы мен жеке жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Осы БҚ қағидалары «ҮМЗ» АҚ-ның барлық жұмыскерлеріне қолданылады және «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінде қолдануға жатады.

БҚ-да көрсетілген талаптар «ҮМЗ» АҚ-да қолданылатын басқа да нормативтік құжаттардың талаптарымен бірлесіп орындауға міндетті және осы нормативтік құжаттарда көрсетілген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды ауыстыру болып табылмайды.

## 2 Нормативті сілтемелер

Осы БҚ қолдану үшін мынадай сілтемелік құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы басылымы қолданылады (оның барлық өзгерістерін қоса).

РД 34 РК.03.204-05 Құрал-саймандармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі ҚЖЕҚ ережелері.

СТ РК ГОСТ Р 12.4.026 Сигнал түстері, қауіпсіздік белгілері және сигнал белгілері. Жалпы техникалық шарттар мен қолдану тәртібі.

СТ 20.0007 Терминдер мен белгілер.

№ 14.024 ӨҚЖЕҚБ БҚ «ҮМЗ» АҚ - да қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру және қауіпсіз жүргізу тәртібі.

№ 14.031 ӨҚЖЕҚБ БҚ «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінде қауіпті әрекеттерді, қауіпті жағдайларды, салдарсыз оқиғаларды анықтау және қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттерін жүргізу тәртібі.

## 3 Терминдер, анықтамалар және қысқарған сөздер

**Қауіпті фактор:** зиянның ықтимал көзі немесе адам жарақат алуы мүмкін немесе мүлікке (жабдыққа) зақым келтіруі мүмкін жағдай.

**Процедура:** Жұмыскерлердің қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату процедурасы (STOP-Карта).

**STOP-Карта:** Жұмыскерлердің қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату тәртібін айқындайды.

## 4 Жалпы қағидалар

4.1 Осы БҚ ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес әзірленді.

4.2 ҚР Еңбек кодексінің 181-бабына сәйкес әрбір жұмыскер:

- ҚЖЕҚ бойынша талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
- ҚЖЕҚ талаптарына сәйкес санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

- жұмыс беруші жұмыскерді жеке және (немесе) ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етпеген жағдайда және оның денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде жұмысты орындаудан бас тарту, бұл туралы тікелей басшыға немесе жұмыс берушіге жазбаша хабарлау;

- жұмыс берушіден жұмыс орнының сипаттамасы мен ұйымның аумағы, жағдайлардың жай-күйі, ҚЖЕҚ, қолданыстағы кәсіптік тәуекел туралы, сондай-ақ оны зиянды және (немесе) ҚӨФ әсерінен қорғау жөніндегі шаралар туралы сенімді ақпарат алуға құқылы.

4.3 әрбір жұмыскер/қызметкер, егер өндірістік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін қауіпті жағдайлар мен қауіпті әрекеттер болса, қауіпті жұмыстарды тоқтата тұруға / тоқтатуға толық құқылы.

Жұмысты тоқтату құқығы – бұл әрбір жұмыскерге/қызметкерге қауіпті деп санайтын жағдай байқалғаннан кейін жұмысты тоқтату құқығын беретін процесс.

4.4 Жұмыстарды тоқтата тұруды/тоқтатуды талап ететін мән-жайлар:

- өндірістегі жазатайым оқиға қауіпі;
- авария немесе оқиға қауіпі;
- ЖКО қауіпі;
- өрт қауіпі;
- қоршаған ортаның ластану қауіпі;
- басқа.

4.5 Жұмыскер/қызметкер жұмысты тоқтата тұруға/тоқтатуға құқылы, егер:

- оның өміріне және (немесе) айналасындағылардың өміріне қауіп төніп тұрса;
- жұмысты жалғастыру аварияға, оқиғаға, жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін болса;
- жұмыстар қауіпсіздік талаптарын бұза отырып жүргізілсе;
- жұмысты орындау үшін қауіпсіз жағдайлар жасалмаған болса (ұйымдастырушылық және техникалық);
- жұмыс беруші ҚЖЕК мәселелері бойынша жұмыскерді оқытуды, нұсқау беруді, білімін тексеруді өткізбесе;
- басқа.

## **5 Қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату тәртібі**

5.1 Жұмыстарды тоқтата тұруды/тоқтатуды талап ететін мән-жайлар анықталған кезде жұмыскер бұл туралы өз басшысына және бөлімшенің ЕҚЖҚОҚ қызметінің қызметкеріне дереу хабарлайды. Егер жұмыс рұқсат-наряд бойынша орындалса, жұмыстың басшысына/өндірушісіне хабарлау қажет.

5.2 Басшы жұмыстарды тоқтата тұруды/тоқтатуды талап ететін мән-жайлардың бар екендігі туралы оған белгілі болғаннан кейін, жұмыстар жүргізілетін бөлімшенің (учаскенің, қызметтің, цехтың) басшылығын хабардар ете отырып, олардың туындау себептері жойылғанға дейін жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті.

5.3 жұмысты тоқтата тұру/тоқтату құқығы қолданылғаннан кейін орындалады:

- жұмыс дереу тоқтатылуы керек;
- тоқтата тұру/тоқтату себебі түсіндіріледі (қауіпсіздікті жақсарту бойынша ұсыныстар, нормалар мен ережелерді бұзу, басқа себептер);
- тәуекелдерді азайту бойынша қосымша бақылау шараларын анықтау және айқындау мақсатында орындалатын жұмыстың қауіпсіздігіне талдау жүргізіледі.

5.4 Жұмысты тоқтата тұруды/тоқтатуды жүргізгеннен кейін «STOP-Карта» ӨҚБ ӨК-де тіркеледі, онда жауапты орындаушы жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайды сипаттауға, жұмыстың тоқтатылуының себебін көрсетуге тиіс.

5.5 «STOP-Карта» № 14.031 ӨҚЖЕКБ БҚ талаптарына сәйкес себептерді одан әрі талдау және жою шараларын қабылдау үшін «Ескертулерді тіркеу» бөлімінде толтырылады.

5.6 Мұндай жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату жұмыскерге жұмысты орындаудың белгілі бір қауіпсіз әдісін көрсету үшін қажет кідіріс болуы мүмкін, бірақ ол орындаудың кешігуін немесе тіпті жойылмайтын факторлар анықталған кезде жұмыстың күшін жоюды білдіруі мүмкін. Бұл ретте бөлімше басшысы ҚЖЕК себептері бойынша жұмыстарды тоқтату қажет болған жағдайларда қызметкерлерді қолдай отырып, берік ұстанымға ие болуға міндетті.

5.7 Жұмыскердің ҚЖЕК талаптарын бұзу салдарынан оның өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда немесе еңбек шартында көзделмеген зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарды орындаудан бас тартуы оны тәртіптік жауаптылыққа тартуға әкеп соқпайды.

5.8 Бөлімшенің ЕҚЖҚОҚ қызметі қауіпті жұмыстарды тоқтата тұрудың/тоқтатудың әрбір жағдайын есепке алуды қамтамасыз етуі және оларға дереу ден қоюы тиіс.

5.9 Жұмысты тоқтата тұруға/тоқтатуға негіз болған себептер (мән-жайлар) жойылған жағдайда жұмысты қайта бастауға жол беріледі.

5.10. Жұмыскер өз жұмысын тоқтата тұру/тоқтату заңды екеніне сенімді болмаған жағдайда, ол өзінің тікелей басшысына және бөлімшенің ЕҚЖҚОҚ қызметіне жүгініп, жағдайды түсіндіріп, жауапты тұлғалармен бірлесіп шешім қабылдауы қажет.

5.11 Жұмысты тоқтата тұру/тоқтату қауіпсіздікті алдын алу құралы болып табылады, сондықтан оған қатысты тоқтату қолданылған жұмыскерге МҚА жүргізу және ҚЖЕК нұсқаулықтарымен және технологиялық регламенттермен қайта танысу ұсынылады (егер бұл талап етілсе).

Аударған: Галиева З.



## Лист электронного согласования (СЭСД № 204983)

к документу № \_\_\_\_\_ от \_\_\_\_\_

Подразделение-разработчик: Отдел промышленной безопасности и охраны труда  
Вид документа: Инструкции  
Наименование документа: РД ОПБиОТ № 14.034-20 ПОРЯДОК ПРИМЕНЕНИЯ В АО «УМЗ» ПРОЦЕДУРЫ ПО ОСТАНОВКЕ РАБОТНИКАМИ НЕБЕЗОПАСНЫХ РАБОТ «STOP-КАРТА»

Оформлен: 21.12.2020 11:12:17  
 На согласовании: 21.12.2020 11:23:52  
Примечание автора: разработана впервые в соответствии с решением протокола совещания № 04-18/3763 от 04.11.2020г. ДПБ АО «НАК «Казатомпром» по вопросам производственной безопасности (HSE), прошедшего 30.10.2020г.

ФИО	Должность	Подразделение	Действие
Грохотов Сергей Александрович	Главный специалист по промышленной безопасности - руководитель	Отдел промышленной безопасности и охраны труда, Группа промышленной безопасности	21.12.2020 Согласовано
Цораев Виктор Асланбекович	Начальник	Отдел промышленной безопасности и охраны труда	21.12.2020 Согласовано
Чумин Евгений Александрович	Директор по безопасности производства	Служба директора по безопасности производства	21.12.2020 Согласовано
Бежецкий Сергей Владимирович	Председатель Правления	Служба Председателя Правления	22.12.2020 Утверждено

Начальник:



Цораев Виктор Асланбекович

"22" 12.2020г.